

Қазақстан ауылдық округіне қарасты Ж.Қайыпов ауылы және Қазақстан ауылы көшелерінің атауын өзгерту туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 02 маусымдағы № 03 шешімі

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып және 2026 жылғы 29 сәуіріндегі облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ауылдық округінің әкімі шештім:

1. Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ауылдық округінің Ж.Қайыпов ауылындағы атауы жоқ көшелер "Жобаланған-3" көшесі "Жауғашев Қайырбай" көшесі, "Жобаланған-4" көшесі "Құрманқұлов Махан" көшесі, "Жобаланған-9" көшесі "Сарбасов Ғұмар" көшесі, "Жобаланған-1" көшесі "Жылқыбай Беркімбайұлы" көшесі және Қазақстан ауылындағы атауы жоқ көше "Жобаланған" көшесі "Оразов Даукен" көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан ауылдық округі әкімі

С.Алдибеков